

Жұртшылыққа пайдалы семинар

Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссиясының өкілдері жақында Қостанайда облыс тұрғындары үшін «Қазақстандағы адам құқықтарын қорғаудың ұлттық және халықаралық тетіктері» тақырыбында оқыту семинар-тренингін өткізді.

Оқыту-семинарына облыстық басқармалардың басшылары, жергілікті құқық қорғау және сот органдарының, білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет мекемелерінің қызметкерлері, азаматтық қоғам институттары мен жастар ұйымдарының өкілдері қатысты.

Осы іс-шараға қатысқан Қостанай облыс әкімінің орынбасары Марат Жүндібәев, Астанадан келген сарапшылар: ЕҚЫҰ-ның Астанадағы бағдарламалар кеңсесінің құқықтық мәселелер және адам құқықтары бойынша бағдарламаларының үйлестірушісі Гүлмира Қуанжанова

және адам құқықтары жөніндегі комиссияның хатшысы Тастемір Әбішев сөз сөйлеп, тілектерін білдірді.

Семинар барысында Қазақстан Республикасындағы адам құқықтарын қорғаудың ұлттық және халықаралық жүйесі жан-жақты зерделенді. Еңбек құқықтарынан туындайтын дау-дамайларды реттеу және әйелдер мен балалардың құқықтарын қорғау, тұрмыстық зорлық-зомбылықты, адам саудасын болдырмау тақырыбында көптеген мәселелер көтерілді.

Астаналық сарапшылардың айтуынша, Қазақстанда адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға заңды тұрғыдан ерекше мән берілген. ҚР Конституциясында мемлекеттің басты құндылығы — адам және оның өмірі екені тайға таңба басқандай жазылған. ҚР азаматтарының құқықтары мен бостандықтары заңмен қатаң қорғалады. Елімізде әйелдер мен балалардың құқықтарын қорғаудың көптеген тетіктері бар.

Семинарда әлемдік экономикалық дағдарыс жағдайында ҚР азаматтарының, Қазақстан аумағында тұрақты

немесе уақытша тұрып жатқан өзге адамдардың еңбек, әлеуметтік-экономикалық құқықтарын қорғаудың өзекті мәселелері де қаралды. Тыңдаушылар еңбек және әлеуметтік дау-дамайлардың алдын алу, оларды шешу тетіктерімен танысты. Комиссия мүшелері мен сарапшылар Т.Әбішев, З.Байсақова, С.Жаркенов нақты мысалдар келтіріп, азаматтардың мемлекет пен қоғам алдындағы құқықтары мен міндеттері туралы айтып берді. Сонымен қатар Елбасының бес институционалдық реформасын жүзеге асыруға арналған «100 нақты қадам» Ұлт жоспарын іске асырудың тетіктері де сөз болды.

Семинар барысында қатысушылар сұрақтарын қойып, өз пікірлерімен де бөлісті.

— Біз бұған дейін Қазақстанның 7 аймағында оқыту семинарларын өткіздік. Қостанай сегізінші өңір болып отыр. Сіздерден кейін Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан және Қарағанды облыстарына барамыз. Келесі жылы бес өңірді аралаймыз. ЕҚЫҰ-ның Астанадағы бағдарламалар кеңсесі біздің жобамызды қолдап, сарапшылардың жүріп-тұруына қолдау білдірді.



Семинардың қатысушылары адам құқықтарын қорғауға арналған тетіктермен танысып, хабардар болады деп ойлаймыз. Адам құқықтары жөніндегі комиссия жыл сайын мыңдаған азаматтың жазбаша өтініштерін қарайды. Оған қоса 500-дей ауызша шағым қаралады. Тұрғындар біздің қабылдауымызға жазылып немесе телефон арқылы да хабарласады. Өтініш иелерінің 15 пайызының мәселелері нақты шешімін тауып жатады. Біз оларды өз бақылауымызға аламыз, жергілікті атқарушы органдарға,

прокуратураның қадағалауына жібереміз. Арыз-шағымдардың басым көпшілігі соттың шешіміне, қылмыстық істерге, азаматтық және әкімшілік, ювеналдық істерге қатысты өрбиді. Одан кейін құқық қорғау органдарының әрекеті мен әрекетсіздігіне және әлеуметтік-еңбек құқықтарына қатысты шағымдар көптеп түседі, — деді Тастемір Әбішев.

Жұртшылыққа мол мағлұмат беретін мұндай іс-шаралардың өңірімізде өткізіліп отырғаны құптарлық.

Бірыңғай нұсқа таныстырылды

Осы аптаның алғашқы күні — дүйсенбіде ҚР Парламенті Мәжілісінде Шаяхметов атындағы тілдерді дамыту республикалық орталығының директоры Ербол Тілешов латын әліпбиінің бірыңғай нұсқасын таныстырды, деп хабарлайды ҚазАқпарат тілшісі.

Латынша "Латын графикасына негізделген жаңа қазақ әліпбиін жасауда "бір әріп — бір дыбыс", "бір әріп — екі дыбыс" және "бір дыбыс" принципі қолданылды. 25 таңбалы әліпбиге қосымша қазақ тілінің дыбыстық жүйесін толығымен қамту үшін 8 дыбысты таңбалайтын 8 деграфта ұсындық", — деді Тілешов.

«Қазақ әліпбиінің латын графикасындағы нұсқасын дайындау бойынша әртүрлі сала мамандарынан, мекемелерден көптеген ұсыныстар болды. Мемлекеттік тілдің бірыңғай стандартты әліпбиінің нұсқасын таңдауда ең алдымен ғылыми принциптер негізге алынды. Соның нәтижесінде қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне, жалпы әліпби түзудің теориясы мен практикасына құрылған нұсқа таңдап алынды», — деді ол.

Е. Тілешовтің айтуынша, жаңа әліпби қабылдау, бір таңбаларды екінші таңбалармен ғана ауыстыру емес, ол — бұрынғы әліпбилерде жіберілген емлеге қатысты жаңсақ жазуды дұрыстау. Осы реттен келгенде, әліпби жасау және оны енгізумен бірге жаңа жазу ережелері де қабылдануы тиіс.

«Жаңа әліпби нұсқасы негізінде Ш.Шаяхметов атындағы республикалық орталық қызметкерлері және сырттан шақырылған тұрғындар арасында бірнеше рет апробация жүргізілді. Оған қатысушылардың көпшілігі осы нұсқаға қолдау білдірді», — деп атап өтті тілдерді дамыту республикалық орталығының директоры.

Жаңа нұсқада "ә" дыбысы "ае" деграфымен берілсе, "ө" — "оө", "ү" — "уө" деп таңбаланды. Мәселен, "әлем" — "аедем", "өркен" — "оөккен", "үкімет" — "уөкімет" болмақ. "Мұндағы айрықша тұрған дыбыс — "ң". Ол қазақ тіліне тән дыбыс, басқа тілдерде де бар. Біз оны "ng" деграфымен бердік. Осындай деграфпен беру ағылшын тілінде де, басқа бірнеше дыбыстарда кездеседі. Оны қабылдау да оңай болады", — деп атап көрсетті Тілешов.

Бұдан бөлек, "ғ" — "gh", "ч" — "ch", "ш" — "sh" және "ж" — "zh" болып белгіленеді. Ал "ц", "в", "ф" сияқты қазақ тілінің дыбыстық жүйесінде жоқ дыбыстарды мүлдем алып тастау туралы ұсыныс болған. "Тура осындай мәселе 1920 жылдары әліпби тақырыбы көтерілгенде айтылған болатын. Жат дыбыстарды кіргіземіз бе, жоқ па, осы мәселе қаралды. Ахмет Байтұрсынұлының әліпбиге қатысты еңбектерін мұқият оқысақ, біз Алаш зиялыларының кейбір кірме дыбыстардың қазақ әліпбиінен орын алуын жақтағанын да көреміз. Мысалы, білімпаздар съезінде Ахмет Байтұрсынұлы қазақ тілінің сақталуына аз да болса ақысы бар "h" дыбысы жайында айтқан болатын. Өйткені "h" дыбысымен айтылатын қазақтың өз тілінде аз да болса сөздер бар дейді. Яғни, Ахаң бастаған зиялылар егер сөздік қорымызда олардың орныққан белгілі бір сөздік қоры болса, ондай дыбысты сақтау қажет деп санайды. Біз де осы принципке келісіп отырмыз. Сондықтан жаңа әліпби нұсқасында осындай дыбыстарға орын бердік", — деп атап көрсетті Тілешов. Оның сөзіне қарағанда, жаңа нұсқаға апробация жасалды. Оған қатысқан азаматтар аталған әліпбиді қолдап отыр.

ҚазАқпарат

Тәжік Тәуелсіздігі Академияда аталып өтті

2017 жылғы 9 қыркүйек күні Қазақстан Республикасы ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай акадeмиясының курсанттары өздерімен бірге Тәжікстаннан келіп оқып жатқан 1 және 2-ші курстың курсанттарына мерекелік дастархан жайып, қазақтың қонақжайлылығын көрсетті.



Ақ дастарханға Академия бастығы полиция генерал-майоры Мирлан Қызылов және Академия бастығының орынбасары полиция полковнигі Ербол Қаппасов және Қостанай облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі, Тәжікстан өкілі Абдусалим Абдухамитович Шукуров қадірменді қонақ ретінде шақырылды.

Жалпы Тәжікстан туралы ақпарат беретін болсақ, осыдан 26 жыл бұрын 1991 жылы 9 қыркүйек күні КСРО-ның ыдырауына байланысты өз тәуелсіздігін алып, жеке ел болып қайта құрылды. Содан бері талай қиыншылық пен қуанышты жағдайларды басынан өткерген Тәжік елі қазіргі таңда іргесі бүтін, түтіні түзу ұшқан бақытты елге айналды.

Соңғы уақытта Тәжікстан және Қазақстан Республикасының арасы жақсы қарым-қатынаста, бүгінгі

таңда екі елдің арасында көптеген келісім-шарттарға қол қойылып, іске асып жатыр. Солардың бірі 2009 жылғы қол қойылған Тәжік елінің азаматтары Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясында білім алу болатын. Күні бүгінге дейін Қостанай академиясын 50-ден аса тәжік азаматтары ойдағыдай аяқтап, өз елдерінде абыроймен қызмет атқарып жатыр.

Ақ дастархан басына барлығы жиналған соң, Академия бастығы полиция генерал-майоры Мирлан Қызылов Тәжік курсанттарын Тәуелсіздік мерекесімен құттықтап, екі елдің азаматтары болашақта тату-тәтті өмір сүрулеріне, өздері білім алып жатқан академияның туын жерге түсірмеуге, қашанда біздің елдің мәдениетіне құрметпен қарауға шақырды.

Академия бастығынан құттықтауынан кейін Тәжік өкілі, ақ дастарханның құрметті қонағы Абдусалим Абдухамитович Шукуров өз елінің курсанттарына ақыл-кеңестерін

айтып, дастархан жайып құрмет көрсетіп отырған академия ұжымына, жалпы қазақ еліне шексіз алғыстарын білдірді.

Құшақ жая қарсы алған біздің курсанттар дастархан үстіне өз қолдарымен жасаған тіл үйіер Тәжік палауын қойды. Өп-сәтте дастархан үстін тәтті мәзірлермен жайнатып жіберіп, Академияның өнерпаз курсанттары өздерінің шағын концерттік бағдарламасын ұсынды.

Қазақ жігіттері мен қыздары ұлттық аспабымыз домбырадан күмбірлетіп күй төксе, әншілеріміз әдемі әуендеріне салып, ән шырақды. Тіпті бірге оқитын достары ақ жарма тілектерін білдіріп, құттықтады.

Әсем ән мен күмбірлеген күйді естіп отырған Тәжік курсанттары ішкі қуанышты сезімдерін жасыра алмай, Академия мен курс бастылығына алғыстарын білдіріп, өздері де авторлық лирикалық әндерін орындап, халықтың көңілін бір көтеріп тастады.

Дастархан басында өздерін таныстыра отырып бірінші курс курсанттары әні мен сөзін жазған Фируз Назиров досы Дилшод Сопиев пен бірге «Жүрегім соғады» атты әнді тәжік тілінде нақышына салып, шырақ берді. Жалпы Фируз Тәжік елінде жастар арасында кеңінен тынымал екенінде сөз арасында айтып кетті. Бүгінгі таңда Фируздың 15-тен астам әні, 45-ке жуық әндері өңделіп жатқанын мақтанышпен сөз етті.

Бізде осындай өнерлі жігіттің Академияда білім алып жатқанына қуанамыз.

Жалпы татулық пен келісімге жайылған ақ дастархан курсанттар мен қонақтардың көңілінен шықты деуге әбден болады. Келелі бас қосудан соң, Абдусалим Абдухамитович курсанттарға өз ақыл-кеңестерін айтып, Тәжік елінің туын жерге түсірмеуге шақырды.

Мінеғ осылай жақсылыққа жаны құмар Академия бастығының келелі бастамасы, бүгінгі таңда жылдағы дәстүрге айналды. Бұл әрине екі елдің азаматтары үшін өте қуанарлық іс деуге болады.

М. ОСПАНОВ,
ҚР ІІМ Ш. Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының баспасөз хатшысы

Сот отырысына қатысушылардың мәдениеті

Сот отырысындағы тәртіп процесстік нормаларды нақты сақтау арқылы, сондай-ақ барлық сот отырысына қатысушылардың сот әдеби нормаларын сақталуымен (соттың; іске қатысушы адамдардың; іске басқа да қатысушылардың) қол жеткізіледі.

Сот талқылауының жалпы шарттарына заңмен анықталған сотты құрметтеу және істі қолайлы қарау мүмкіндігін қамтамасыз ететін сот отырысының тәртібі жатады.

Сот отырысындағы тәртіпті сақтау төрағалық етуші судьяға жүктеледі. Ол сот талқылауына басшылықты жүзеге асырады, тиісті процесті ұйымдастырады және қамтамасыз етеді.

Сот процесінің мәдениеті – судьялардың және сот мамандарының, іске қатысушы

адамдардың, сонымен қатар процеске қатысушы басқа да тұлғалардың заң талаптарын мүлтіксіз сақталуында.

ҚР АПК-нің 187-бабына сәйкес сот отырысындағы тәртіпте судья сот отырысы залына кірген кезде залдағы қатысып отырған адамдар орындарынан тұрады. Шешім шығармай аяқталатын істегі сот шешімін немесе ұйғарымын сот отырысы залында қатысып отырғандар түрегеп тұрып тыңдайды. Түсініктемелер мен айғақтарды, сұрақтар мен оларға жауаптарды процеске қатысушылар төрағалық етушінің рұқсатымен түрегеп тұрып береді. Бұл қағидадан ауытқуға төрағалық етушінің рұқсатымен ғана жол берілуі мүмкін. Іске қатысатын адамдар, сондай-ақ сот отырысы залында қатысып отырған азаматтар сот отырысы залындағы тәртіпті сақтауға міндетті делінген.

Істі талқылау кезінде тәртіпті бұзған адамға төрағалық етуші соттың атынан ескерту жасайды.

Тәртіпті қайталап бұзған жағдайда іске қатысатын адам сот отырысының хаттамасына енгізілетін сот ұйғарымы бойынша сот талқылауының барлық уақытына немесе оның бір бөлігіне сот отырысы залынан шығарып жіберілуі мүмкін. Сот тікелей сот талқылауы барысында сот отырысының тәртібін бұзған кінәлі адамдарға әкімшілік жаза қолдануға құқылы.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 653-бабына сәйкес процеске қатысушылардың және өзге де адамдардың қатысуынсыз соттың істі одан әрі қарауы мүмкін болмайтын жағдайларда, олардың шақыру қағазы, хабарлау, хабардар ету немесе шақыру бойынша сотқа дәлелді себептерсіз келмеуінен, сот отырысында төрағалық етушінің өкілдеріне бағынбаудан, сотта белгіленген қағидаларды бұзудан көрінген сотты құрметтемеушілік, сондай-ақ сотты және (немесе) судьяны құрметтемеушілік туралы

анық көрінетін өзге де әрекеттер (әрекетсіздік) – ескерту жасауға не жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға не бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қарамастан, маңызды шараға келген қостанайлықтар көп, әсіресе жастардың шоғыры мол. Олар «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде өткен республикалық шараға белсенді қатысып, жастардың әрдайым зиянды әдеттерден аулақ болып, салауатты өмір салтын ұстанатындықтарын тағы бір мәрте дәлелдегендей болды.

Сот – сот билігінің органы болып саналады және адам құқығы мен бостандығын қамтамасыз етуге байланысты құқықтық сипаттағы әлеуметтік жанжалдарды, қоғамда туындаған дауларды шешу бойынша айрықша билікті өкілеттіліктер берілген.

Тиімді әрі сапалы сот әділдігі – қоғамдағы заңдылық пен тұрақтылықты бекітудің маңызды құралы.

Мұның барлығы судьяға жүктелетін жауапкершілікті көрсетеді. Судьяның жұмысы

елімізде қиын әрі маңызды қызметтердің бірі. Олар адам тағдырын шешеді, әр істе адамның кінәлі не кінәсіздігі жөніндегі соңғы шешімді шығарады. Барлық процестер көп тер төгуді, қауырттылықты қажет етеді. Ауыр істерді қарағанда судьялар тек заң нормаларын ғана назарға алмай, «адамгершілік» көзқарастан әрекетті бағалай отырып моральдық қасиеттерге де ие болуы қажет.

Баяндалғанның негізінде, барлық азаматтарды сот ғимаратында болғанда мәдениетті сақтауға және өздерін тәртіпті ұстауға, сот шақыруына уақытында келуге, сот процесіне қатысушылар мен сот ұжымына лайықты құрметпен қарауға бағыттаймын.

Арайлым АСАТОВА,
Қостанай облысы
кәмелетке толмағандардың
істері жөніндегі
мамандандырылған
ауданаралық сотының бас маманы

«Қиылыстағы детектив» - тәртіпке шақыратын қойылым

Қостанайда жергілікті полиция қызметінің қызметкерлері мен орыс драма театрының өртістері дайындаған жол қозғалысына арналған спектакль қойылды.

Затобол кентіндегі Н.Наушабаев атындағы мектеп-гимназия, Қостанай қаласындағы М.Горький атындағы мектеп-гимназия оқушылары қойылымның алғашқы көрермендері болды.

Комедия жанрына тән қойылым «Қиылыстағы детектив» деп аталады. Қалалық ІІБ жергілікті полиция қызметінің аға инспекторы Елена Магасумованың айтуынша, спектакльді дайындаудағы негізгі мақсат – аймақтағы жолдарда балалардың абай болуын ескертіп, жол қозғалысы ережесін үйрету.

Көбінесе жол ережесін толықтай білу балаларға оңай бола бермейді, сондықтан біз олар білуі тиіс негізгі тәртіптерді көрсететін қойылым дайындауды жөн таныдық. Спектакльдің баламалы нұсқасы қуыршақ театрында да көрсетілетін болады. Қойылым көрермендері тек облыс орталығының тұрғындары ғана болмайды, біз гастрольмен өзге де шалғай аудандарды аралауды жоспарлаудамыз, — дейді ол.

Тәртіп сақшылары өртістермен бірігіп, тамыз айынан бастап қойылымның сценарийін құруға кірісіпті. Оқиға желісі бойынша, Ашот Хачатрян сомдаған басты кейіпкер Петя жолда жүру ережесін жиі бұзады, тіпті қиылыстағы бағдаршамды да сындырып тастайды. Кесірінен сол жерде көлік кептелісі пайда болып, оны өз ісін жақсы білетін реттеуші мәселені шешеді. Тәртіп сақшысы рөліндегі өртіс оқушыларға қолындағы таяқшаның не екенін түсіндіріп, мұндай келеңсіз жағдайда жолдың арғы бетіне қай кезде өту керектігін ұғындырды. Сондай-ақ, балалар актерлермен бірге негізгі жол белгілерімен танысты. 3-сынып оқушылары Бекзат пен Марис жол ережелерін жақсы білетіндіктерін байқатып, сұрақтарға өзгелерден гөрі жылдамырақ жауап беріп отырды.

Біздің мектепте жолда жүру ережесін үйренуге арналған сыныптан тыс сабақ бар. Бүгінгі спектакльде көрсетілген жол тәртібін сол сабақта үйренген болсақ та, дәл осындай әдіс бізге ұнайды, — дейді оқушылар.

Міне, мұндай тәртіпке шақыратын қойылымдар балаларға өте қажет.

«Денсаулық фестивалі -2017» акциясы

Өткен сенбіде Қостанай қаласында А. Байтұрсынов атындағы ҚМУ алаңында республикалық кең ауқымды «Денсаулық фестивалі - 2017» акциясы болып өтті.

Аталмыш іс-шараны облыстық денсаулық сақтау басқармасы, Қостанай қалалық спорт және денешынықтыру бөлімі, облыстық саламатты өмір салтын қалыптастыру проблемалары орталығы мен облыстық ІІД-нің есірткі бизнесіне қарсы күрес басқармасы ұйымдастырды.

«Біздің денсаулығымыз өз қолымызда!» деген ұранмен өткен акцияның басты мақсаты – әр азаматтың өз денсаулығы үшін жауапкершілігін арттыру, жастарды салауатты өмір салтын ұстануға шақыру. Жалпы мұндай іс-шаралардың өңірімізде өткізіліп тұруы дәстүрге айналғандығын айта кетуге болады.

Фестивальдің ашылуында облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының



орынбасары Е.Слободенюк, қалалық спорт және денешынықтыру бөлімінің басшысы Н.Ермағамбетов, облыстық ІІД Есірткіге қарсы күрес басқармасының аға жедел уәкілі Лев Квасенко, облыстық саламатты өмір салтын қалыптастыру проблемалары орталығы басшысының міндетін атқарушы Ә.Садуақасова сөз сөйлеп, жастарды мерекемен құттықтады. Және оларға адам өмірінің мәні денсаулық екендігін, ол үшін спортпен шұғылданып, салауатты өмір салтын ұстану керектігін айтып, сондықтан да бүгінгі «Денсаулық» фестивалінің халықты спортпен шұғылдануға үндейтін бірден-бір шара

екендігін жеткізді. Іс-шара өткен күні күннің жауын-шашынды болуына қарамастан, маңызды шараға келген қостанайлықтар көп, әсіресе жастардың шоғыры мол. Олар «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде өткен республикалық шараға белсенді қатысып, жастардың әрдайым зиянды әдеттерден аулақ болып, салауатты өмір салтын ұстанатындықтарын тағы бір мәрте дәлелдегендей болды. Біз «Денсаулық» фестивалін жастардың белсенділігін арқасында өткізіп жатырмыз. Бізді жастарымыздың салауатты өмір салтын құптайтындығы қуантады. Себебі, бүгінде көп

жастарымыз темекі, сыра сияқты жаман әдеттерден бойларын аулақ ұстап, спорттың небір түрімен шұғылданып жүр. Бұл әрине қуантарлық жәйт, сондықтан жастарымыз үшін осындай спорттық шаралардың маңызы өте жоғары. Біз осындай акциялардың көмегімен жастарға деніміздің саулығы тек қана өзімізге байланысты екендігін ұғындырғымыз келеді. Егер кез келген адам денсаулығының мықты болғанын қаласа, ол зиянды әдеттерінен арылып, әрдайым дұрыс тамақтанып, жаттығу жасауы керек, — дейді облыстық денсаулық сақтау ұйымдары басшысының орынбасары Екатерина Слободенюк.

Сондай-ақ, осы күні маңызды шараға Қостанай қаласындағы денсаулық сақтау ұйымдары да белсене атсалысты. Атап айтқанда, ақ желенділер жиналған тұрғындардың, жастардың қан қысымын, салмағын өлшеп, қандағы қант мөлшері мен холестеринді анықтап жатты.

Фестиваль соңы жастардың қатысуымен өткен 2,4 шақырым қашықтықтағы марафонмен аяқталды.

ҰҚК-ның бұрынғы басшысы жеті жарым жылға сотталды

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің бұрынғы басшысы Нартай Дүтбаев Қылмыстық кодекстің «мемлекеттік құпияларды жария ету» және «билікті немесе лауазымды өкілеттіктерді асыра пайдалану» баптары бойынша 7 жыл 6 ай мерзімге сотталды, деп хабарлайды «ҚазАқпарат» ХАА тілшісі.

Ақмола гарнизоны әскери сотының берген мәліметіне сәйкес, 2017 жылдың 24 тамызында Н.Дүтбаев пен осы іске қатысты

өзге де адамдарға сот үкімі жария етілген. Сот отырысы жабық түрде өткен.

Сот үкімі бойынша Н.Дүтбаев Қылмыстық кодекстің жоғарыда аталған баптары бойынша 7 жыл 6 ай мерзімге сотталып, мемлекеттік қызметте еңбек ету құқығынан өмір бойына айырылды. Сонымен бірге, Н.Дүтбаевты «генерал-лейтенант» шені мен мемлекеттік марапаттардан айыру туралы сот шешімі шығарылды.

Аталған қылмыстық іске қатысты өзге де фигуранттарға үкім шықты. Атап айтқанда, жоғарыда аталған баптар бойынша Р.Мұратов (ҚР ҚК 451 және 172-баптары бойынша) пен Н.Хасен (ҚР ҚК 172-бабы бойынша) 5

жыл мерзімге сотталған. Олардың екеуі де мемлекеттік қызметте еңбек ету құқығынан өмір бойы мерзімге айырылып отыр.

Ал Е.Нұртаев мемлекеттік құпияны жария етуге қатысы бар болғаны үшін өмір бойы мемлекеттік қызметте еңбек ету құқығынан айырылумен бірге 3 жыл 6 ай мерзімге түрмеге қамалды.

Еске сала кетсек, Нартай Дүтбаев, Нұрлан Хасен, Ерлан Нұртаев өткен жылдың 26 желтоқсанында ұсталған болатын. Нартай Дүтбаев Ұлттық қауіпсіздік комитетін 2001-2006 жылдар аралығында басқарған. Одан кейін Президенттің кеңесшісі мен Ұлттық компания жетекшісі қызметтерін атқарған.